

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 5 сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Қазіргі медиамәдениет.

Грамматикалық тақырып: Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

«Медиа» термині (латын тілінде «media», «medium» – құрал, тасымалдаушы) ХХ ғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін енгізілген («mass culture», «mass media»). Қазіргі кезде бұл «массмедиа» термині бұқаралық коммуникация құралдары деген мағынаны береді. Медиамәдениет – қоғамның индустриалды даму сатысынан жаңа өркениеттік өрлеу сатысына өту үрдісі, ақпараттық қоғамның мәдени үлгісі. Медиамәдениет кең мағынада тұлғаның әлеуметтенуі, ақпараттық-коммуникативті құралдарының жиынтығы.

Адам өміріне ақпарат құралдары аса маңызды болып отыр. Осы ақпарат құралдарынсыз қазіргі өмірді елестету мүмкін емес, өйткені әлемде болып жатқан жаңалықтарды естіп, көріп хабардар боламыз. Жаһандық пандемия кезінде де қашықтықтан жұмыс істеп, оқытқан кезде осы ақпарат құралдарының мүмкіншілігі зор болды.

Қазіргі «ақпараттандырылған» қоғамды «медияландырылған» қоғам деп те атау кездеседі. Ақпараттық қоғам адамның күнделікті өміріне ғана емес, сана-сезіміне, рухани жан-дүниесіне әсер етеді. Қоғамдық пікірдің қалыптасуына да маңызы зор.

Қазіргі медиамәдениет аясы адамның жеке тұлғалық жағынан дамуына да үлесін қосуда. Ақпарат көздеріндегі мәліметтер сан алуан болғандықтан, адамның санасының дамуына да әсер етуі әр түрлі болып келеді. Адамдар арасындағы ақпараттар ағынының мазмұндық сапасы да әр қилы. Пайдалы, қажет ақпаратты керексізінен айыра білу керек. Ақпараттық құралдар, тұрмысқа еніп жатқан жаңа технологиялар адамдардың тұрмысын да жеңілдетіп жатыр, дегенмен де адам өміріне кері әсерін тигізетін тұстары да бар.

Қазақстандағы жаңа медиамәдениет қоғамның дамуының маңызды факторына айналды.

Медиа-мәдениеттің қазіргі қоғам өміріне енуі, жаңа ғылыми ұғымдардың пайда болуымен қатар жүреді: "медиа орта", "медиа-теория", "медиа-технология", "медиа-текст" және т. б. Атап айтқанда, медиа-теория саласы ақпаратты жинау, сақтау және таратудың, техникалық құралдарын талдау кезінде сандық сипаттамалармен жұмыс жасай отырып, мамандандырылған білім шеңберінде жатыр; медиа-текст медиа өнімнің нақты нәтижесі болып табылады — ақпарат медианың кез келген түрі мен жанрында баяндалған хабарлама (газет мақаласы, телебағдарлама, бейнеклип және т.б.).

Медиа-мәдениет туындыларын зерттеудің негізі - медиа-өнер (техногендік, синтетикалық).

XX ғ. жаңа медиашындықтың, кинематографияның, теледидардың, қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологиялардың және т. б. дүниеге келуін білдіреді.

Өркениеттік дамуда бірнеше негізгі кезеңдерді ажыратуға болады:

- алғашқы "жазба алдындағы" мәдениеттің үстемдігі;
- "жазбаша-баспа" мәдениетінің кезеңі;
- электронды мәдениет дәуірі.

Электрондық бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе теледидар, акустикалық ойлауды қалыптастыруға, рөлдердің үнемі өзгеруіне және ішкі мақсаттарға (негізінен көркем шығармашылыққа) бағдарлануға, сондай-ақ кеңістікті, уақытты және ақпаратты қысуға ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен тұтас мәдениеттердің эмоционалдық климатын бақылауға болады.

Заманауи адам өмірінің барлық аспектілерін белсенді түрде игере отырып, оған медиа мәдениетпен қарым-қатынас жасау арқылы тек шынайы ғана емес, виртуалды (медиа) әлемде де өмір сүруге мүмкіндік беретін бұқаралық ақпарат құралдарының заманы келді.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанады? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

Жаттығу жұмысы.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қоғамның индустриалды даму сатысынан жаңа өркениеттік өрлеу сатысына өту үрдісі, ақпараттық қоғамның мәдени үлгісі не?
2. Жаһандық пандемия кезінде қашықтықтан жұмыс істеп, оқытқан кезде ақпарат құралдарының мүмкіншілігі қандай болды?
3. Ақпараттық қоғам адамның күнделікті өміріне қалай әсер етеді?
4. Адамдар арасындағы ақпараттар ағынының мазмұндық сапасы қандай?

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып жазыңыз.

5-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.